

Кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығын бағалауда статистикалық әдістерді қолдану және олардың тиімділігі

Ғылыми жетекшісі: Хишаева Ж.Т.

«Бухгалтерлік есеп және аудит» кафедрасының қауымдастырылған профессоры, э.ғ.к.
Zhanat-t2007@mail.ru

А.М. Сарсенбаева¹, Ә.С. Амангелді²

¹«Бухгалтерлік есеп және аудит» кафедрасының 4 курс студенті

²«Бухгалтерлік есеп және аудит» кафедрасының 2 курс студенті
aiymsar.04@gmail.com, amangeldi.alkair@gmail.com

^{1,2} Бөкетов университеті, Қарағанды қ.

Түйіндеме: Бұл мақалада кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығын бағалау үшін қолданылатын статистикалық әдістердің мәні, оларды қолданудың негізгі қағидаттары мен тиімділігі қарастырылады. Зерттеу барысында қаржылық көрсеткіштерді талдау, трендік әдістер, корреляциялық және регрессиондық талдаулар секілді статистикалық құралдардың артықшылықтары мен шектеулері анықталды. Қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін аталған әдістерді кешенді түрде қолданудың маңыздылығы талданған.

Кілт сөздер: қаржылық тұрақтылық, қаржылық талдау, корреляциялық талдау, құрылымдық талдау.

Кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығы - бұл тәуекелділіктің мүмкін болатын деңгейінде төлем қабілеттілігі мен несие қабілеттілігін сақтай отырып, табысты өсіру негізінде қаржыны тарату мен пайдалану арқылы кәсіпорынның дамуын көрсететін қаржы ресурсының жағдайы.

Кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығы оның ұзақ мерзімді бәсекеге қабілеттілігі мен төлем қабілетін сақтай алуына тәуелді. Қаржылық тұрақтылықты бағалау үшін нақты және сенімді мәліметтер қажет, бұл жерде статистикалық әдістер маңызды рөл атқарады. Бұл әдістер кәсіпорынның қаржылық көрсеткіштерін талдау арқылы шешім қабылдауда дәлдік пен объективтілікті қамтамасыз етеді[1].

Кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығы оның ресурстарын тиімді пайдаланып, сыртқы факторлардың ықпалынан қорғау қабілетін сипаттайды. Бұл тұрақтылықты сипаттайтын негізгі көрсеткіштер:

- Активтердің өтімділігі (ағымдағы және жедел өтімділік коэффициенттері);
- Меншікті капиталдың жеткіліктілігі (қарыз/капитал қатынасы);
- Рентабельділік көрсеткіштері (сату, актив, капитал рентабельділігі);
- Таза табыстың тұрақтылығы (динамикасы мен өзгергіштігі).

Жаһандық қаржы дағдарысы тіпті ең жақсы халықаралық компаниялар өздерінің қаржылық жағдайын үнемі қадағалап, қаржылық тұрақтылықты талдауы керек екенін көрсетті. Әлемдік экономиканың жаһандану процестері - контрагенттер арасындағы олардың қаржылық тәуелсіздігіне қатысты байланыстардың сенімділігі мен күрделілігі. Әлемдік экономикалық дағдарыстың теріс салдары бірқатар экономикалар жаһандық белгісіздік пен тұрақсыздық дәуірі деп аталатын кезеңнің басталуына әкелді және оның белгілері ұйымдардың банкроттық санының күрт өсуі болып табылады.

Ұйымның қаржылық жағдайын бағалаудың негізгі құралы қаржылық талдау болып табылады, оның көмегімен талданатын объектінің ішкі және сыртқы қатынастарын объективті бағалауға болады: оның төлем қабілеттілігін, қызметінің тиімділігі мен кірістілігін, даму перспективаларын сипаттау, содан кейін оның нәтижелері бойынша негізделген бизнес шешімдерін қабылдау.

Қаржылық талдаудың негізгі міндеті - болашаққа бағытталған экономикалық шешімдер қабылдаумен байланысты сөзсіз белгісіздікті азайту. Осыған байланысты қаржылық талдау, кез - келген басқа күрделі процесс сияқты, ұйымның нашарлау себептерін және оны

оңтайландыру тетіктерін анықтауға бағытталған қадамдар тізбегі болуы керек.

Қаржылық тұрақтылықты болжау - бұл перспективті талдаудың негізгі міндеті. Бұл талдау түрі кәсіпорынның шаруашылық қызметінің қаржылық қорытындысын үйрену негізінде олардың келешекке деген маңызды мүмкіндігін анықтайды, стратегиялық басқару міндеттерін шешуге арналған келешек туралы әкімшілік ақпараттармен қамтамасыз етеді[1].

Баланс көрсеткіштері кәсіпорынның капиталын орналастыру тиімділігін, оның ағымдағы және алдағы кезеңдегі шаруашылық қызметке жетуі, қарыз көздерінің көлемі мен құрылымын, сондай-ақ оларды ынталандыру тиімділігін бағалауға мүмкіндік береді. Осылайша, бухгалтерлік балансты талдау үшін және кәсіпорынның қаржылық жағдайын бағалауда ақпараттың ең қажетті түрі болып табылады.

Құрылымдық талдау – кәсіпорынның активтері мен пассивтерінің құрамын зерттеп, олардың жалпы қаржылық тұрақтылыққа әсерін бағалайтын маңызды құрал. Мысалы, меншікті капитал мен қарыз капиталы арасындағы тепе-теңдікті анықтау кәсіпорынның қаржылық тәуелсіздігін бағалауға мүмкіндік береді. Егер қарыз капиталының үлесі жоғары болса, бұл тәуекел деңгейін арттырады, ал меншікті капиталдың жоғары үлесі қаржылық тұрақтылықтың сенімді индикаторы болып табылады[2].

Сонымен қатар, факторлық талдау әдістері қаржылық тұрақтылыққа әсер ететін негізгі драйверлерді анықтауға көмектеседі. Бұл әдіс арқылы кәсіпорынның қаржылық нәтижелеріне әсер ететін өндірістік, басқарушылық және сыртқы факторлар жеке-жеке қарастырылады. Мәселен, табыстылықтың төмендеуіне әсер еткен негізгі себептерді талдай отырып, оны жақсарту жолдарын ұсынуға болады.

Статистикалық әдістердің тиімділігі – олардың объективті және дәл нәтижелер беруінде. Бұл әдістер шешім қабылдау процесін оңтайландыруға, қаржылық ресурстарды тиімді басқаруға және тәуекелдерді азайтуға ықпал етеді. Сонымен қатар, олар кәсіпорынның ішкі процестерін реттеуге, сондай-ақ сыртқы нарықтық ортаға бейімделуге көмектеседі.

Корреляциялық талдау – кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығына әсер ететін әртүрлі көрсеткіштер арасындағы өзара байланысты анықтауға бағытталған әдіс. Ол қаржылық нәтижелердің қандай факторларға тәуелді екенін түсінуге көмектеседі. Мысалы, кәсіпорынның табыстылығы мен қарыз қаражаттарының үлесі арасындағы корреляцияны анықтау арқылы қарыз ресурстарын пайдалану тиімділігін бағалауға болады. Егер бұл байланыс теріс болса, кәсіпорын үшін қарыздың артуы тәуекел деңгейін жоғарылатады[3].

Корреляциялық талдау барысында қолданылатын негізгі көрсеткіш – корреляция коэффициенті. Ол -1-ден +1-ге дейінгі аралықта болады. Коэффициенттің оң мәні көрсеткіштер арасындағы тура байланысты, ал теріс мәні кері байланысты білдіреді. Егер коэффициенттің шамасы 0,7-ден жоғары болса, байланыс өте күшті деп есептеледі.

Қаржылық тұрақтылығын бағалау үшін «ЛОТТЕ Рахат» кәсіпорынының қаржылық есептіліктің мәліметтері негізінде қарастырсақ. «ЛОТТЕ Рахат» акционерлік қоғамы – 75 жылдық тарихы бар, Қазақстандағы кондитерлік өнім өндіретін ең ірі өндіріс орындарының бірі. Кондитерлік өнімдер соғыс кезінде Мәскеу мен Харьковтан көшіріліп әкелінген жабдықтармен алғаш рет 1942 жылы арақ – ликер шығаратын зауыт алаңында шығарылды. «ЛОТТЕ Рахат» АҚ-ында 4500-ге жуық адам еңбек етеді. Өндірістік қуат Алматы және Шымкент қалаларындағы екі өндіріс орнында шоғырланған[4].

Өндірістің жан-жақтылық сипаты, ауқымдылығы және какао дәндерін қайта өңдейтін жеке желінің болуы, отандық өндірушілермен салыстырғанда, кәсіпорында кондитерлік өнімдердің алуан түрін шығаруға мүмкіндік береді. Бүгінгі таңда «ЛОТТЕ Рахат» АҚ-ының өнім қоржыны 14 топқа бөлінетін, 400-ден аса атауға ие, алуан түрлі кондитерлік өнімдермен толыққан.

Көбінесе талдау мақсатында ұйымның қаржылық тұрақтылығы қаржылық жағдайды бағалаудың балдық әдістемесін қолданады. Бағалаудың бұл әдісі кәсіпорынды қаржылық тұрақтылық деңгейіне қарай жіктеуге мүмкіндік береді. Бухгалтерлік баланстың мәліметтері бойынша бірқатар қаржылық коэффициенттерді есептеуге болады. 1-кестеде өтімділік, ептілік және қаржылық тұрақтылық коэффициенттерінің есебі келтірілген.

Кесте 1

Өтімділік пен ептілік және қаржылық тұрақтылықты бағалау

Көрсеткіштер	2020	2021	2022	2023	Орташа
Абсолюттік өтімділік коэффициенті	2,15	3,14	3,86	4,21	3,34
Өтімділіктің жалпы коэффициенті	4,59	5,96	4,86	5,01	5,09
Айналым капиталы	25,2	32,2	22,4	41,3	30,28
Ептілік коэффициенті	0,065	0,087	0,023	0,056	0,057
Қаржылық тұрақтылық коэффициенті	0,87	0,84	0,83	0,79	0,83
Ескерту – [4] әдебиет негізінде автормен жасақталған					

Қорыта келе, абсолютті өтімділік коэффициенті ағымдағы қарыздың қанша бөлігін баланс жасалған күні немесе басқа нақты күні дереу өтеуге болатындығын көрсетеді. Акционерлік қоғамда абсолютті өтімділік коэффициентінің соңғы төрт жылдағы орташа мәні 3,34: 1 (коэффициенттің қалыпты деңгейі 0,2-0,5) жоғары мәні байқалады, бұл табыс әкелмейтін және өндірісті дамытуға жұмыс істемейтін бос ақшалай қаражаттың бар екендігін көрсетеді. Қаржылық тұрақтылық коэффициенті кәсіпорын қызметінде ұзақ уақыт пайдаланылуы мүмкін қаржыландыру көздерінің үлес салмағын көрсетеді, яғни кәсіпорын активтерінің сенімді және ұзақ мерзімді көздер есебінен қаншалықты қаржыландырылғанын көрсетеді.

Қаржылық тұрақтылық коэффициентінің мәні талданатын барлық кезең үшін 0,83 деңгейінде болады, бұл кәсіпорынның ұзақ мерзімді перспективада қаржылық тәуелдігі мен төлем қабілетсіздігін көрсетеді, сондай - ақ кәсіпорынның өз ақшасын еркін басқара алатынын, оны тиімді пайдалана алатынын көрсетеді. 0-20 ортасырда кризистік қаржылық тұрақтылығы жағдайын айтады.

Соңғы жылдардағы мәліметтерді қарастырып отырып, кәсіпорынға құрылымдық және корреляциялық талдау жасап өтетін болсақ. Төмендегі кестеде құрылымдық талдауы көрсетілген:

Кесте 2

«ЛОТТЕ Рахат» АҚ активтерін талдауы

Көрсеткіштер	2022 жыл		2023 жыл		Ауытқуы, тг		Өсу қарқыны, %
	Мың теңге	%	Мың теңге	%	Мың теңге	%	
1	2	3	4	5	6	7	8
Ақшалай қаражат және оның баламалары	267855	2,2	185645	5,8	-82210	3,6	69
Кредиттік ұйымдардағы қаражат	162	0,001	-	-	-162	-0,001	-
“Кері РЕПО” операциялары	35551	0,3	72029	2,3	36478	2	203
Орталық контрагенттік қаржылық активтері	11769455	97,2	2887637	90	-8881818	-7,2	25
Инвестициялық бағалы қағаздар	31889	0,3	66709	2,1	34820	1,8	209
Басқа жиынтық табыс арқылы әділ құнымен бағаланатын үлестік бағалы қағаздар	21	0,0001	21	0,0006	0	0,0005	100
Қауымдастығын компанияға салынған инвестициялар	125	0,001	107	0,003	-18	0,002	86
Ағымдағы корпоративтік	117	0,001	448	0,01	331	0,013	383

табыс салығы бойынша активтер				4			
Кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы бойынша активтер	0,9	0,0000 1	1,3	0,00 01	0,4	-	1
Негізгі құралдар	1739	0,014	2540	0,08	801	0,066	146
Материалдық емес активтер	1616	0,0013	1638	0,05	22	0,49	101
Пайдалану құқығы түріндегі активтер	-	-	151	0,00 4	151	0,004	100
Берілген аванстар	362	0,000 1	435	0,01 5	73	0,014	120
Басқа активтер	815	0,001	1055	0,03	240	0,029	129
Барлығы	12109709	100	3208416	100	-8901293	-	26,49
Ескерту – [2] әдебиет негізінде автормен жасақталған							

Қорытындылай келе, ақшалай қаражат және оның баламалары 3,6 пунктке өскен, кредиттік ұйымдардағы қаражат 0,01 пунктке азайған, кері операциялары бойынша 2 пунктке артқан, орталық контрагенттердің қаржылық активтері 7,2 пунктке төмендеген. Инвестициялық бағалы қағаздар 1,8 пунктке артқан, басқа жиынтық табысы арқылы әділ құнымен бағаланатын үлестік бағалы қағаздар 0,0005 пунктке артқан, қауымдастығырылған компанияға салынған инвестициялар 0,002 пунктке артқан, ағымдағы корпоративтік табыс салығы бойынша активтер 0,013 пунктке артқан. Кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы бойынша активтер өзгеріссіз қалған, негізгі құралдар 0,066 пунктке артқан материалдық емес активтер 0,49 пунктке артқан, пайдалану құқығы түріндегі активтер 0,004 пунктке артқан, берілген аванстар 0,014 пунктке өскен басқа активтер 0,029 пунктке өскен. Орталық контрагенттік қаржылық активтері акционерлік қоғамының активтерінің көп мөлшерін алып жатыр, одан кейінгі екінші орында ақшалай қаражат және оның баламалары.

Кесте 3

«ЛОТТЕ Рахат» АҚ корреляциялық талдауы

Көрсеткіштер	Y	X1	X2	X3
Y	1.00	0.9521	0.9513	0.9520
X1	0.9521	1.00	0.9959	0.9408
X2	0.9513	0.9959	1.00	0.9376
X3	0.9520	0.9408	0.9376	1.00
Ескерту – [3] әдебиет негізінде автормен жасақталған				

Мұндағы:

Y-Таза пайда X1-Активтер X2-Міндеттемелер X3-Маркетингтік шығындар.

Корреляциялық талдау бойынша мынандай қорытындыға келуге болады:

Активтер (X1) мен Таза пайда (Y) арасындағы корреляция коэффициенті 0.9521. Бұл олардың арасында жоғары оң байланыс бар екенін көрсетеді, яғни активтер өскен сайын таза пайда да өседі. Бұл компанияның активтерді тиімді пайдаланып отырғанын және олардың өсуі компанияның жалпы табыстылығына айтарлықтай әсер ететінін көрсетеді.

Міндеттемелер (X2) мен Таза пайда (Y) арасындағы корреляция коэффициенті 0.9513. Бұл да жоғары оң байланыс бар екенін көрсетеді. Бұл міндеттемелердің өсуі де таза пайдаға оң әсер ететінін білдіреді, бәлкім, міндеттемелер дұрыс басқарылған жағдайда қаржылық тұрақтылық пен өсім қамтамасыз етіледі.

Активтер (X1), Міндеттемелер (X2) және Маркетингтік шығындар (X3) арасындағы жоғары корреляция коэффициенттері олардың арасындағы тығыз байланысты көрсетеді. Бұл көрсеткіштердің бірі өскенде, басқалары да өсуі ықтимал екенін білдіреді.

Қорытындылай келе, статистикалық әдістерді қолдану кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығын бағалаудағы ең тиімді құралдардың бірі болып табылады. Олар кәсіпорынның қаржылық денсаулығын тереңірек түсінуге және оны нығайтуға қажетті шараларды жүзеге

асыруға мүмкіндік береді. Осылайша, дұрыс ұйымдастырылған қаржылық талдау кәсіпорынның ұзақ мерзімді бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етуге негіз болады. Құрылымдық талдау кәсіпорынның активтері мен пассивтерінің құрылымын зерттесе, корреляциялық талдау осы құрылымдық элементтердің өзара байланысын және олардың қаржылық тұрақтылыққа әсерін бағалайды. Компанияның қаржылық жағдайы жақсарып келеді, таза пайда мен түсім өсуде, бұл компанияның тиімді басқарылып отырғанын және оның нарықтағы жағдайының мықты екенін көрсетеді. Сонымен қатар, шығындар мен міндеттемелердің де өсімін бақылау қажет, бірақ жалпы көрсеткіштер компанияның өсу стратегиясы тиімді екенін көрсетеді. Бұл екі әдісті бірлесіп қолдану кәсіпорынның қаржылық денсаулығын кешенді бағалауға мүмкіндік береді. Корреляциялық талдау кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығын бағалауда шешуші рөл атқарады. Ол әртүрлі көрсеткіштер арасындағы байланысты тереңірек зерттеуге және оларды басқару стратегияларын әзірлеуге көмектеседі. Осылайша, бұл әдіс кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығын нығайту және ұзақ мерзімді бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету үшін маңызды құрал болып табылады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Тәжібаева Ж. О. Кәсіпорын қызметінің кешендік диагностикасы : оқу құралы-Алматы : New book, 2018.
- 2 Касымова А.Г., Темирбекова Л.А. Экономикалық талдау: оқу әдістемелік құрал.- Қарағанды, 2015
- 3 С. М. Мұханбетова – “Статистика”, 2011
- 4 «ЛОТТЕ Рахат» АҚ қаржылық есептілігі <https://kase.kz/>

Аудитте заманауи цифрлық технологияларды қолдану

Ә.Қ. Саханов,

«Есеп және аудит» білім беру бағдарламасының 2-курс студенті
alimbek8778@icloud.com,

Ғылыми жетекшісі: А.К. Мазина

«Бухгалтерлік есеп және аудит» кафедрасының аға оқытушысы, э.ғ.м
mazina_ainur@mail.ru

Бөкетов университеті, Қарағанды қ.

Түйіндеме: Цифрландыру деректерді талдаудың дәлдігі мен тиімділігін жақсартып отырып, аудиторлық қызметтің барлық аспектілерін айтарлықтай өзгертеді. Мақалада аудитте цифрлық технологияларды қолдануды негізгі бағыттары, соның ішінде күнделікті процестерді автоматтандыру үшін бағдарламалық жасақтаманы пайдалану, үлкен деректерді талдау үшін жасанды интеллект (AI) интеграциясы және қаржылық операциялардың ашықтығын арттыру үшін блокчейн технологияларын енгізу талданды. Киберқауіпсіздік тәуекелдері, этикалық кережелерді сақтау және аудиторлардың біліктілігін үнемі арттыру қажеттілігі сияқты цифрландыру мәселелеріне ерекше назар аударылады. Сондай-ақ әлемдік тәжірибеде және Қазақстанда цифрлық технологияларды қолданудың табысты кейстері ұсынылды. Аудиттегі цифрландырудың нақтылықтары жинақталып, осы саланы одан әрі дамыту үшін ұсыныстар берілді.

Кілт сөздер: цифрландыру, аудит, цифрлық технологиялар, жасанды интеллект.

Цифрлық технологиялар аудиторлардың кәсіби қызметін тез өзгертуде. Процестерді автоматтандыру, үлкен деректерді талдау (Big Data), жасанды интеллектті (AI) пайдалану және блокчейн аудиторлық жұмыстың сапасы мен тиімділігін арттырудың жаңа мүмкіндіктерін ұсынады. Қазіргі жағдайда цифрлық трансформация бәсекелестік артықшылыққа ғана емес, сонымен қатар аудиторлық қызметтер нарығында өмір сүру қажеттілігіне айналады.